ппр

Балабақша әдіскері: Оспанова Ұ.Ж
Топ тәрбиешісі: Бисенғалиева Л.Б

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Екпетал мектеп- балабақшасы
Топ:ересек топ
Жасы :4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы I апта
Қыркүйек айы: «Білім қымбат қазына,қанағат тұтпа азына»Мұзафар Әлімбаев

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 02.09. | Сейсенбі 03.09. | Сәрсенбі 04.09. | Бейсенбі 05.09 | Жұма 06.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| | *Әнұран орындау* | *Күй күмбірі бір-тұтас тәрбие* | *Күй күмбірі бір-тұтас тәрбие* | *Күй күмбірі бір-тұтас тәрбие* | *Күй күмбірі бір-тұтас тәрби* |
| Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру*<br>*«Апта дәйек сөздері»тақтасымен таныстыру,балалармен әнгімелесу ұсынылады.*<br>*Қыркүйек айы: «Білім қымбат қазына,қанағат тұтпа азына»Мұзафар Әлімбаев* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Картотека №2***<br>***Дид ойын «Дәл осындай пішінді тап»***<br>*Мақсаты:геометриялық пішіндерді табады,атын атай алады.* | ***Картотека №3***<br>***Дид ойын: «Үйдің есігін жабайық»***<br>*Мақсаты: Балалар заттардың өлшемі бойынша салыстырады,жуан және жіңішке ажырата алады.* | ***Картотека № 4***<br>***Дид ойын: «Вагондарға дөңгелек табу.»***<br>*Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажырата алады.* | ***Картотека №5***<br>***Дид ойын: « Үй құрылысының ретін көрсет»***<br>*Мақсаты: түстерді ажырата алады.* | ***Картотека №9***<br>***Дид ойын: «Жұбын тап»***<br>*Мақсаты:геометриялық пішіндерді салыстыра алады.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан.*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | *Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғыас | *Үнемді тұтыну-«Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну»*<br>*Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Достар бірге жүреміз*<br>*Бірге ойнап күлеміз*<br>*Бірге балық аулаймыз*<br>*Міне біздер қандаймыз* | *Жарық болсын күніміз*<br>*Жарқын болсын үніміз*<br>*Елін сүйіп ер жетер*<br>*Біз болашақ гүліміз* | *Күнмен бірге тұрамыз ,*<br>*Құспен бірге ән саламыз*<br>*Қайырлы таң! Ашық күн!*<br>*Көңілді біз баламыз.* | *Шақырамын сендерді*<br>*Жолдастарым кел бері*<br>*Толтырайық шаттыққа,*<br>*Дөңгеленгеншеңберді.* | *Қол алысып, қәне, біз,*<br>*Достасайық бәріміз.*<br>*Айтарым бар сендерге,*<br>*Тез тұрыңдар шеңберге.*<br>*Қандай жақсы бір тұру,*<br>*Достарменен бір жүру* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенгедайындық | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №2***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека № 3***<br>*Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №4***<br>*Ауа- райының салқындауын бақылау* | ***Картотека №8***<br>*«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»* | ***Картотека №9***<br>*Аула сыпырушының еңбегін бақылау.* |
| Серуенненоралу | *Тазалық процедурасы.*<br>*Қолдарын сабынмен*<br>*жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттіліктпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскіас | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| Күндізгіұйқы | | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықты рушаралары | ***№4***<br>*Майтабанның алдын алу.*<br>*Тырысамыз, тырысамыз*<br>*Денсаулықты нығайтамыз*<br>*Аяқ, қол мықты болып*<br>*Май табаннан арыламыз.*<br>*Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.* | ***№ 5***<br>*Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.*<br>*Ояту*<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақ ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.* | ***№ 6***<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Тыныс алу жаттығулары*<br>*Ұзын құлақ сұр қоян*<br>*Есті қалып сыбырды*<br>*Өсіп тұрған сәбізді*<br>*Жұлып алып иіскеді.* | ***№7***<br>*Майтабанның алдын алу.*<br>*Ояту*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Терезеге қарап*<br>*Күн жылуын алайық.* | ***№10***<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Мысықтар*<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарап*<br>*Достарымызға күлеміз.* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесінас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті ,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Проблемалық сұрақ:*** *Пайдалы және салауатты тағам деген не?*<br>*Педагог балалармен пайдалы және пайдалы емес тағам туралы әңгіме өткізеді.*<br>***Музыка тыңдау:*** ***Дауыс жаттығулары:*** *«Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз* | ***Дид ойын: «Өз үйіңді тап»***<br>*Шарты:Жерде геометриялық фигуралар жатады.Олар үйшіктер,балалардың қолдарында геометриялық карточкалар болады.Музыка ойнап тұрады,балалар айналып жүреді* | ***Дид ойын: «Бұл қай кезде болады?»***<br>*Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады,атайды және сипаттайды.*<br>***Шарты:****Балалар жыл мезгілдерінің суреттерін жапсырып, ерекшеліктерін айтады.* | ***Миға шабул***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Сыртындағы азығы,*<br>*Ортасында бар қазығы.*<br>***(Алма) т.б*** *алмұрт, өрік, жүзім)* | ***Миға шабул***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Сыртындағы азығы,*<br>*Ортасында бар қазығы.*<br>***(Алма) т.б*** *алмұрт, өрік, жүзім)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларменжеке жұмыс | ***«Қуыр-қуыр, қуырмаш» саусақ ойыны***: *Мақсаты: Балалардың саусақ қимылы жетіледі, үлкендерден кейін қайталап айта алады.* | ***Мнемокасте арқылы тақпақ жаттау. «Кішкентай бала»*** *Мен кішкентай баламын Кітап оқи аламын. Дәптер, қалам, сызғышты Сөмкеме өзім саламын.* | ***Сюжетті – рөлді ойын. «Қонақ күтеміз»*** ***Ойын барысы.*** *Балалар екі топқа бөлінеді. 1 топ «қонақтар», 2 топ «үй иелері»* | ***Шығармашылық саласы*** *Балаларға ермексаз тарату,өз еркінмен мүсіндеу.* | ***Құрлымдалған ойын: «Ұяшыққа орналастыр»*** ***Мақсаты:*** *екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыра алады* . |
| Серуенгедайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №2*** *Күзгіжапырақтардыбақылау.* | ***Картотека № 3*** *Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №4*** *Ауа- райының салқындауын бақылау* | ***Картотека №8*** *«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»* | ***Картотека №9*** *Аула сыпырушының еңбегін бақылау.* |
| Серуеннен оралу | ***Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет*** | | | | |
| Кешкі ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті | Еңбек әрекеті<br>Жууға болатын ойыншықтарды жуу.<br>Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру | | | | |
| Балалардыңүйге қайтуы | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесесу* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ойын бұрышына жинақылық жасау. Дидактикалық ойын: «Неге керек?» Ата – анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу.* | *Топ бөлмесіне жинақылық жасау. Дидактикалық ойын: «Орнын тауып бер» Мен үйге барамын.* | *Ата – анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу. Демалыс күндері жайлы әңгімелеу. Тазалық туралы ескерту. Сау болыңыз.* |
| | *«Өнегелі 15 минут»-балалардың ересектермен емін еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын өалыптастыру.* | | | | |

Балабақша әдіскері: Оспанова Ұ.Ж

Топ тәрбиешісі: Бисенғалиева Л.Б

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Екпетал мектеп- балабақшасы

Топ:ересек топ

Жасы :4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы IIапта

2 апта «Жанұям- қорғаным,ата-анам – тірегім!»

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 09.09 | Сейсенбі 10.09 | Сәрсенбі 11.09 | Бейсенбі 12.09 | Жұма 13.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | ***Күй күмбірі – ұлттық құндылық, ұлттық өнерге баулу.*** *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | ***Өнегелі -15 мин.*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* *Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарга түсіндіру.* «Жанұям- қорғаным,ата-анам – тірегім!» | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | ***Картотека №2*** ***Дид ойын:*** *« Танып алда,атын ата»* *Мақсаты: заттың түр түсін,пішінін,атын атай алады.* | ***Картотека №5*** ***Дид ойын:*** *«Сөзді аяқтауға көмектес»* *Мақсаты:Фонетикалық есту қабілеттерін дамыта алады.* | ***Картотека №7*** ***« Тізбек»*** *Ойын шарты: Сөздерді ажырата алады.* . Ұ.О: «Тақия тастамақ» | ***Картотека № 8*** ***«Суретті таңда»*** *Ойын шарты: Берілген сөздерге суреттерді тауып бере алады.* | ***Картотека №1О*** ***«Дыбысты ата»*** *Ойын шарты: Бірінші және соңғы дыбысты белгілеп алады.* |
| | ***коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгіжаттығу | *Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғыас | ***Үнемді тұтыну ережелерін түсіндіру.*** *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.* ***Қауіпсіздік ережелері- тамақ ішу кезінде, құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту.*** *Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық | ***«Балалар кітапханасы»-жобасы*** | | | | |
| | *Жарқырап күнде ашылды,* *Айналаға нұр шашылды.* *Қайырлы күн!* *Біз көңілді баламыз!* *Қайырлы күн!* | *Күлімдеген күн мейірімді!* *- Кіршіксіз ақ қар мейірімді!* *- Таза мөлдір су мейірімді!* *- Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!* | *Күн нұрындай көңілім,* *Даламдай кең пейілім.* *Жүрегім толы мейірім,* *Бәріне ортақ шуағым,* *Қайырымды боламын.* | *Қайырлы таң балалар!* *Жарқырады қаламыз,* *Жайнай түсті даламыз,* *Қайырлы таң балалар!* *Аман Отан панамыз,* *Аман ата-анамыз,* | *Қол ұстасып, дөңгеленіп,* *Тұра қалдық екеуміз.* *Өзіміз де дөңгелек* *Күнге ұқсайды екенбіз* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №1***<br>*Күзгі жаңбырды бақылау.* | ***Картотека №2***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека № 3***<br>*Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №4***<br>*Ауа- райының салқындауын бақылау.* | ***Картотека №5***<br>*Ұшып жүрген құстарды бақылау.* |
| | ***Серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуеннен оралу | *Тазалық процедурасы.*<br>*Қолдарын сабынмен*<br>*жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттіліктпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскі ас | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары. | ***№16.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№19 Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№20 Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайы* | ***№ 21 Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар,* | ***№14 Ояну***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары.<br>Бейнелеу әрекеті,<br>кітап таркарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Эксперимент***<br>***«Көкөністер мен жемістер косметика ретінде»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға жемістер мен көкөністерді косметика дайындауда қолдануды көрсету.*<br>***Құрал-жабдықтар:*** *қызылша, қияр, алма, шабдалы кремі, қияр маскасы, жеміс хош иісті сусабын, үккіш, пышақ, қағаз майлықтар, айна.*<br>*Жүргізілу барысы: Педагог пен балалар косметика мен бұйымдарды зерттейді, иісі бойынша салыстырады,* | *СУ АҒЫНЫ*<br>*Мақсаты: Судың пішіні болмайтынын, төгілмейтінін, ағып жатқанын көрсету.*<br>*Жұмыс барысы: су құйылған 2 стакан алыңыз, сонымен қатар қатты материалдан жасалған 2-3 затты (текше, сызғыш, ағаш қасық және т.б.) осы заттардың пішінін анықтайды. «Судың пішіні бар ма?» Деген сұрақты қойыңыз. Балаларды бір ыдыстан екінші ыдысқа (кесе, табақша, құты, т.б.) су құйып, өз бетімен жауап* | ***«Күздегі ағаштар» тәжірибе***<br>***«Әртүрлі жапырақтар қалай түседі»***<br>*Мақсаты: балаларға түскен жапырақтың ұшуының оның өлшемі мен пішініне тәуелділігін көрсету.*<br>*Құрал-жабдықтар: әртүрлі пішіндегі нағыз үлкенді-кішілі жапырақтар, түрлі-түсті қағаздан қиылған түрлі ағаштардың жапырақтары, оларға таныс балалардың суреті салынған қораптар. ағаштар, «Жапырақтың ұшуы»* | ***Өсімдіктер қалай тыныс алады?***<br>***Мақсаты:*** *өсімдіктің барлық мүшелері тыныс алуға қатысатынын анықтау.*<br>***Ресурстар:*** *ыдыс мөлдір су, ұзын сабақты жапырақ, коктейль түтігі, үлғайтқыш әйнек*<br>***Эксперимент барысы:***<br>***№ 1 зерттеу.***<br>*Біз ауа жапырақтары арқылы өсімдікке өтетіндігін анықтаймыз. Ауаны қалай анықтаймыз? үлкейткіш* | *Балалар мен сіздерді ағаш туралы тағы тәжірибе жасауға шақырамын*<br>***Тәжірибе № 2.***<br>***Ағаш жанып, жылу мен жарық береді.***<br>*Біз екінші тәжірибені жасай алмаймыз, өйткені бұл өте қауіпті. Мен бұл экспериментті суреттен көрсетемін. Егер сіз ағашты өртесеңіз, онда ол өртене бастайды. Өрт үлкен немесе кіші, қауіпті және пайдалы болуы мүмкін.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ұқсастығын табады. Сосын педагог балаларды кейбір жемістер мен көкөністердің құндылығы туралы және оларды косметика өндірісінде пайдалану туралы үйретеді* | *табуға шақырыңыз. Су қайда және қалай төгілетінін есте сақтау Қорытынды: Судың пішіні жоқ, ол құйылған ыдыстың түрін алады, яғни пішінін оңай өзгерте алады.* | *тапсырмалары бар парақтар. Мазмұны. Педагог балаларға ағаштардың жапырақтарының түсуін әртүрлі тәсілдермен қалай көргендерін есте сақтауды ұсынады. Неліктен* | *шыны арқылы сабақтың кесілген жерін тексеріп (тесіктер бар), сабақты суға батырыңыз (сабақтан көпіршіктердің шығуын қадағалаңыз). (су қоршаған ауаға* | *Иллюстрацияларға қарап, от адамға дос бола ала ма, жоқ па, айтыңыз Балалар: Ия, мүмкін.* |
| Балалармен Жеке жұмыс | ***«Қажет суретті тап» Ойынға қажет заттар:*** *Үлкен және кішкене суреттер немесе қуыршаққа арналған ыдыстар, пластилиннен жасаған заттар, конфет, бауырсақ, т. б.* | *Құрылыс ойындары* ***«Үй жиһаздары»*** *«Қуыршақтарға үй құрастырамыз».* | ***«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты:*** *ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.* | ***Әдемі кілемшелер Мақсаты:*** *бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.* | *Үстел үсті ойындар:* ***«Үйшік»*** *құрастыр. .Балалармен достары туралы әңімелесу.* |
| Серуенгедайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен<br><br>Серуеннен оралу | ***Картотека №1*** *Күзгі жаңбырды бақылау.* | ***Картотека №2*** *Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека № 3*** *Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №4*** *Ауа- райының салқындауын бақылау.* | ***Картотека №5*** *Ұшып жүрген құстарды бақылау.* |
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Кешкі ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау. | | | | |
| Балалардың дербес | Балалардың таңдау бойынша | Құрылыс және құрастыру | Үстел үсті ойындары; | «Көкөніс дүкені» ойындары | Еңбек әрекеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті | ышығармашылық іс-шаралар: сурет салу, мүсіндеу, оригами, күзгі жапырақтардың коллажы. | ойындары «Лего», «Сызбалардан құрастыр» | «Домино», «Лото», «пазлдар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар | | Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу* | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу.балабақшаға уақтында келуді айту.* |
| | Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру | | | | |

Балабақша әдіскері: Оспанова Ұ.Ж
Топ тәрбиешісі: Бисенғалиева Л.Б

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Екпетал мектеп- балабақшасы
Топ:ересек топ
Жасы :4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы Шапта
3 апта «Ақырын жүріп анық бас ,еңбегің кетпес далаға!» Абай

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 09.09 | Сейсенбі 10.09 | Сәрсенбі 11.09 | Бейсенбі12.09 | Жұма 13.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды кабылдау | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| | *Әнұран орындау* *Қалған күндер «Күй күмбірі» «Адай», «Ерке сылқым» Біртұтас тәрбие*<br>**«Апта сөз дәйектері»**<br>апта «Ақырын жүріп анық бас ,еңбегің кетпес далаға!» Абай | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* | | | | |
| | **«Өнегелі 15минут»**<br>***(«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)*** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | ***Картотека №2***<br>***Дид ойын:***<br>***« Ойыншықтарды тап »***<br>*Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйренеді.* | ***Картотека №4***<br>***Дид ойын:***<br>***«Қанша болса сонша»***<br>*Мақсаты: Сандарды тани біле алады,тапсырма орындайды.* | ***Картотека №5***<br>***Дид ойын « Керісінше айт»***<br>*Мақсаты: тәулік жөнінде түсініктерін кеңейте алады.* | ***Картотека № 7***<br>***«Бес санына шапалақта»***<br>*Мақсаты: 5 санына шейін санай алады..* | ***Картотека №8***<br>***«Бұл не деген дыбыс»***<br>*Мақсаты :баланы бір дыбысты бір дыбыстан және сөздің басындағы дыбысты ажырата біледі.*<br>. |
| | ***Физикалық дамыту дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгіжаттығу | *Қыркүйек айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғыас | ***Үнемді тұтыну-«Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну»***<br>*Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.*<br>*Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке | *Жарқырап күнде ашылды,*<br>*Айналаға нұр шашылды.* | *Күлімдеген күн мейірімді!*<br>*- Кіршіксіз ақ қар мейірімді!* | *Күн нұрындай көңілім,*<br>*Даламдай кең пейілім.* | *Қайырлы таң балалар!*<br>*Жарқырады қаламыз,* | *Қол ұстасып,*<br>*дөңгеленіп,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгіжаттығу | *Қазан айының ІІІ- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғыас | *Үнемді тұтыну- «Суды,тамақты, энергияны үнемді тұтыну*<br>*Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Қуанамыз, біргеміз,*<br>*Бөлінбейді іргеміз.*<br>*Аясында достықтың,*<br>*Бір жүреміз күнде біз!* | *Қайырлы таң!*<br>*Ормандар мен далалар.*<br>*Қайырлы таң!*<br>*Достасқан бар балалар.*<br>*Қайырлы таң!*<br>*Біздің бала бақшамыз.*<br>*Қайырлы таң!*<br>*Жора-жолдас, ұл мен қыз!* | *Қоршаған өмір әлемі,*<br>*Не деген көркем, әдемі!*<br>*Сол сұлулықты сақтайық,*<br>*Мадақтайық, мақтайық!* | *Қайырлы таң, құсқа, аңға да,*<br>*Қайырлы таң ,жайдары жанға да,*<br>*Қайырлы таң алға ассын,*<br>*Кешке дейін жалғассын!* | *Ерте тұрып күнде мен*<br>*Тереземді ашамын.*<br>*Сәлем деймін күнге мен*<br>*Шаттық әнге саламын.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | ***Денешынықтыру***<br>***Тақырыбы:*** «Епті баламыз»<br>***Мақсаты:*** Балаларды табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеуге үйрету; бір-бірлеп жүгіру; кіші және үлкен қадаммен жүгіру; екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); сапқа тұру дағдыларын жетілдіру.<br>Педагог белгісі бойынша балалар сапқа тұрады; сапта бір-бірлеп жүгіреді. Музыка әуенімен кіші және үлкен қадаммен жүгіреді, арақашықтықты сақтайды. Жай қалыпқа түсіп, шеңбер бойымен жүреді. Жүріп келе жатыр екі аяқпен секіреді. 10 рет секіреді. 2-3 рет жүріп, қайтадан секіреді.<br><br>**Жалпы дамыту жаттығулары**<br>Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу.<br>"Кешігіп қалма", "Өз түсіңді тап!" қимыл ойыны.<br>Тыныс алу жаттығулары.<br><br>***Тосын сәт.***<br>*Жай музыка әуені естіледі. Педагог балаларға аң-таң болып қарап, оларды санайды. Ол: «Мен ештеңе түсінбей тұрмын, бізде жаңа бала бар ма?» Дымбілмеске қарайды. Балалар ия басқа бала бар.* | ***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы:***<br>***«Бағдаршам» өлеңі. С.Дүкенбай.***<br>***Мақаты:*** *Өлеңді түсініп, есте сақтауға жүйелілігін сақтауға үйрету.*<br>*Сөйлеу тілін дамыту.Байқампаздыққа тәрбиелеу.*<br>***Күтілетін нәтиже:***<br>*Өлең жолдарын жаттауға үйренеді.*<br>*Педагогпен қосылып айта біледі*<br>***Ұйымдастыру кезеңі***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Біз қандаймыз, қандаймыз,*<br>*Шұғылалы таңдаймыз!*<br>*Күлімдеген күндейміз!*<br>*Еш уайымды білмейміз.*<br>*Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі неше айдан тұрады?*<br>*- Қазір қай ай?*<br>*Балалардың жауаптары.* ***Ой қозғау.***<br>*Балалар сендер қалай ойлайсыңдар көшеде жүру тәртібін не басқарады?*<br>*Суретпен жұмыс.*<br>*Балалар қараңдаршы бағдаршамның неше көзі бар?*<br>*Ал, түстері қандай?*<br>*Қызыл, сары, жасыл түстер нені білдіреді?*<br>*Ал, балалар сендер жиек жол деген не екенін* | ***Музыка***<br>***Педагог жетекшісінің жоспары бойынша***<br><br>.<br><br>***Ойын бұрышы***<br>***Дид ойын: «Киім дүкені»***<br>***Шарты:*** *киім түрлері бойынша тақырыптық суреттерді орналастыру сыртқы киім, Аяқ киім, әйелдер, ерлер, балалар, қысқы, жазғы, мерекелік, арнайы киімдер.*<br>***Ой дамыту***<br>*-Киімді кім тігеді? (тігінші)*<br>*Киім қалай жасалады? (ол тігілген, тоқылған)*<br>*-Киімнің дизайнын кім жасайды? (сән дизайнері)*<br>*-Кім киім тігеді? (тігінші)*<br>*- Киім неден тігіледі? (матадан)*<br>*– Тігін тігумен қай фабрика айналысады? (тігін фабрикасы)*<br>***Қызығушылықты ояту.*** | ***Денешынықтыру***<br>***Тақырыбы:***<br>**«Мергендер жарысы»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіруге үйрету; қимылды ойындар арқылы табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту.<br>Педагог белгісі бойынша балалар сапқа тұрады; сап құрылымын өзгертіп кайтадан тұрады.<br>Шеңбер бойымен жүреді. Музыка | ***Денешынықтыру***<br>***Тақырыбы:*** «Алға жүрелеп жылжу»<br>***Мақсаты:*** Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру; қатардан сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жүрелеп жылжи отырып, екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап, секіруге үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.<br>Балалар музыка әуенімен бірінің артынан бірі жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша пингвин сияқты жүріп және жүгіреді, музыка әуенімен жәй жүріске түседі және аяқтың ұшымен денелерін тік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет. | *Білмесбек бәріне қарап, бәрің сондай әдемі, ақылдысыңдар. Мен де сендермен ойнағым келеді. Мына альбомды әкелдім, бірақ ішінде не бар екенін білмеймін.*<br>*Қане біз көрейік мүмкін біз білетін шығармыз.*<br>*Білмесбек мата үлгілері бар альбомды көрсетеді.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Балалар сендер бұл не екенін білесіңдер ме? балалардың жоқ.*<br>*Бұл киім тігілетін мата үлгілері.*<br>*Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, сендердің үстеріңде не бар?*<br>*Киім түрлерін атайық*<br>*Мұны бір сөзбен қалай айтуға болады? (Киім)*<br>*Қалай ойлайсыңдар, адамдар үнемі осындай киім киген бе? **(Жоқ).***<br>*Дұрыс! Әр уақытта адамдар әртүрлі киім киген.*<br>*Киімдердің қалай пайда болғанын, бұрын қандай болғанын білгілерің келедіме?*<br>*Олай болса мен сендерді саяхатқа шақырамын. Бүгін біз уақыт арқылы саяхатқа шығамыз, алдымен өткенге, содан кейін біз бүгінге ораламыз: біз киімдеріміздің ғажайып түрленуінен өтеміз.*<br>***«Біздің киімдер тарихы»***<br>***АКТ технологиясымен жұмыс.***<br>*Тәрбиеші презентацияны қарау барысында киімнің пайда болу тарихы туралы әңгіме жүргізеді.*<br>*Сіз бен біз болмағанда адамдар орманда, үңгірлерде өмір сүріп, шикі ет жеп, киімсіз өмір сүрген. Жел мен жаңбырдан жасыратын ештеңе болмады. Ал айнала үлкенді-кішілі жапырақты ағаштар, биік шөптер, гүлдер өскен.Осылайша адамдар жапырақтарды бұтақтарға жинап, жаңбыр мен желден қорғанды.*<br>*- Қалай ойлайсыңдар, шөп пен жапырақтан тігілген киімдер төзімді болды ма?*<br>*-Дұрыс, нәзік, ол құрғап жыртылады.*<br>*- Қыста мұндай киіммен жүруге бола ма?*<br>*- Жоқ.*<br>*- Неге?* | *білесіңдер ме?*<br>*Ол не үшін қажет?*<br>*Балалардың жауаптары*<br>***Ой дамыту***<br>***«Бағдаршам»иС.Дүкенбай.***<br>*Бағдаршам біледі,*<br>*Бәрін де көреді.*<br>*Адам да, көлік те,*<br>*Сол шаммен жүреді.*<br>*Бағдаршам, бағдаршам.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br>*Оңға бір, солға бір,*<br>*Бір отырып, бір тұрып.*<br>*Бойымызды жазайық.*<br>***«Бағдаршам» ойыны:***<br>*Ойынның шарты: бағдаршамның қызыл көзі жанғанда балалар түп-түзу тұрады, сары көзі жанғанда қол шапалақтайды, жасыл көзі жанғанда билейді.*<br><br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Бүгін біздің топтан мен қорап тауып алдым. Оның ішінде не бар деп ойлайсыңдар?*<br>*Мүмкін бос шығар? Ашпай-ақ айта аламыз ба, оны қалай анықтауға болады? Ол ауыр ма, жеңіл ме? Жайлап ашу. Қараңыз, иә, мұнда бірдеңе жазылған. Бірақ мына жерге қараңыз, тек қағаз емес... Басқа нәрсе де бар. Бұл не? Көрсету. (мата) Ал матадан не тігіледі? (киім) Киімнің қағаздан емес, матадан тігілуінің себебін қалай білуге болады?*<br>*Сендер Ғалым болып, жауабын тапқыларың келе ме?*<br>***Сонда біз ғалымдарға айналуымыз керек: Үш рет айналып ҒАЛЫМҒА айналайық.***<br>*Тәжірибе алаңы.*<br>*Біз «Зертхана» деген жазуы бар үйге жақындаймыз.*<br>*Балалар, міне, келдік, кіріңдер. Жұмысқа кірісер* | *Балаларды қызыл, сары, жасыл, көк түстер бойынша топқа бөлу.*<br>***1-топ: қызыл түс.***<br>***Дид ойын: «Жолды табамыз»***<br>*Біз еденге әртүрлі ұзынша жолақ маталардан жолдарды орналастырамыз, бұл жолдар. Ал өз кезегінде біз тар, кең, ұзын, қысқа жолды және т.б. табамыз;*<br>***2- топ: сары түс.***<br>***Дид ойын: «Жолды жамаймыз»***<br>*Балаларды түсі, үлгісі, пішіні бойынша үлкен матаның бөлігіне сәйкес жамауды алып сәйкестендіру.*<br>***3- топ: Жасыл түс.***<br>***Дид ойын: «Түймелерді тап»***<br>*Шарты: Балаларды қуыршаққа көмектесу үшін үлгі бойынша түймелерді табуға шақыру.*<br>***4-топ: Көк түс.***<br>***Дид ойын: «Артығын тап»*** *Шарты: төрт суреттің ішінен қосымша біреуін алып тастау керек (киім бейнеленген үш сурет, біреуі аяқ киім немесе бас киім немесе киімге мүлдем қатысы жоқ нәрсе)*<br>***Ой қозғау.***<br>*Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар» Қағаз, шүберек және сумен тәжірибе жасау:* | әуенімен әдемі адымдар жасап, аяқтың ұшымен және өкшемен жүреді, жәй қалыпқа түсіп, тез ойналған музыка әуенімен жүгіреді, жүгіріп келе жатып, жәй жүріске түседі және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүреді.<br>**Жалпы дамыту жаттығулары**<br>2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру.<br>"Кешігіп қалма", "Алыптар мен құртақандар"қимыл ойыны.<br>Тыныс алу жаттығулары. "Дем алайық" ойыны<br><br>***Проблемалық жағдай:***<br>*Киім ауыстыратын бөлменің бұрышында киім-кешек шашылып жатыр.*<br>*Балалар не істеу керек?*<br>*Балалардың жауаптары: орнына жинау керек.*<br>***Дид ойын:Киім жинауға көмектесеміз»***<br>***Шарты:*** *Балалар киімнің атын атап. орнына іліп қояды. Педагог балалардың назарын бір-біріне арқасын қойып* | ұстап жүреді. Жүріп келе жатып, шеңбер құрады және қайтадан сапқа тұрады.<br>Жалпы дамыту жаттығулары "Көбелектер"<br>1) алға жүрелеп жылжу;<br>2) екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап, секіру;<br>3) допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату.<br>"Торғай мен мысық" қимыл ойыны.<br>"Құстар" пысықтау ойыны.<br>Тыныс алу жаттығуы.<br><br>***Музыка***<br>***Педагог жетекшісінің жоспары бойынша***<br>**.**<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар бүгін таңертең поштамды тексердім және пошта жәшігінен ертегі кейіпкерлерінің хаттарын, тіпті бір пакет таптым. Оларда не жазғанын білгілерің келе ме?*<br>*Онда Мнемоникалық жолдар бойынша сөйлем құрауға жаттығулар жазған.*<br>***1.хат: Дид ойын: «Мнемо жолмен сөйлем»***<br>*Шарты: Мнемокесте арқылы киімдерге сөйлем құрау.*<br>*Мнемо кесте бойынша әңгіме: Менің ойымша, бұл етік, өйткені олар қоңыр, қара және сұр. Олар былғарыдан жасалған, бұл былғары. Олардың* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Қыста суық болғандықтан тоңып, ауырып қалуыңыз мүмкін.<br>-Ормандарда адамдардың қасында әртүрлі жануарлар өмір сүрді. Олар желден де, суықтан да қорықпайды.<br><br>– Сонда әлгі адамдар ойлады: «менде мал сияқты жылы тері болса, мен тоңмас едім».<br>–Осылайша адамдар аңға шығып, аңның терісін алып, одан киім тіккен.<br>Педагог терінің бір бөлігін көрсетеді.<br>Міне мынандай тері. Оны біреуімізге өлшеп көрейік.<br>Тері қандай?Тері кішкентай.<br>Неліктен біз онымен ештеңе тіге алмаймыз?<br>Бізге қандай тері керек? (үлкен)<br>Үлкен теріні алу үшін үлкен аңды аулау керек.<br>Ендеше аңшылар ойынын ойнайық.<br>**Қим ойын: «Аңшылар»**<br>Сонымен аңшылар!<br>жануарларды көп өлтіруге болмайды екен.<br>- Тері киім кию ыңғайлы болады ма?<br>Жоқ, ауыр, жазда ыстық болады.<br>Содан адамдар ыңғайлырақ киім туралы ойлана бастады.<br>Олар далада шөп-зығыр өсетінін байқады. Егер оның сабақтары ұсақталған болса, онда олардан жіп иіруге болады, ал иірілген жіптен - матадан кенеп жасауға болады деп ойлады. Адамдар осындай матамен оранған.<br>**Біз де жасап көрейік.**<br>**Дид ойын: «Тігілмеген киім»**<br>Педагог екі баланы шүберекпен орайды.<br>Сұрақ –жауап:<br>- Осылай жүрген ыңғайлы ма? (Жоқ)<br>- Неге? Мата түседі, денеде қалмайды, қозғалуға ыңғайсыз<br>-Дұрыс, мата түсіп қалмас үшін қолөнершілер матаның шеттерін тігуге кірісіп, осындай киімдерге ие болдық.<br>**Ой қозғау.**<br>- Балалар, киім тігу үшін қандай құралдар қажет?<br>Дид ойын: «Не артық?»<br>- Экранға қараңызшы, төрт заттың бейнесі, | алдында не киюіміз керек? (халат) Неге? (балалардың жауаптары). Ғалымдар өз тұжырымдарын жазады, сондықтан олардың дәптер халталары болады. Біз де нағыз ғалым ретінде өз тұжырымдарымызды мына +, - белгісі бойынша жазамыз. Біздің зертханада не көріп тұрғаныңызды айтыңызшы? (үстел, қағаз, шүберек, су, т.б.) Тағы не? Үстелдерде сандар бар. Сондықтан біз тәртіппен жүруіміз керек. Біз бірінші кестені іздейміз, қандай сан? (1)<br>Материалдарды қарайық.Бұл не екен? (мата, қағаз)<br>Үстел үстінде мата мен қағаз жатыр, анықтаймыз<br>**Тәжірибе №1.**<br>Балалар, айтыңдаршы, қағазды матадан қалай ажыратамыз? (жауаптар)<br>Енді алдымен қағазды алыңдар. Ол қандай? (қатты, судырлақ, тегіс).<br>Оны оң жаққа қойыңдар.<br>Енді матаны алайық.. Ол қандай? жұмсақ, жылы.<br>Жарайсыңдар балалар! Маған жауаптарыңыз қатты ұнады! Қағазды ұстағанда матадан күштірек сезіне ме? (иә) белгілеу + +<br>**Тәжірибе №2**<br>**Қағаз мен мата сөйлей алады ма?**<br>Тәрбиеші: Балалар, қағаз бен мата сөйлей алатынын білгілерің келе ме?<br>Балалар: Иә!<br>Тәрбиеші: Бірақ ол үшін бізге үнсіздік керек.<br>Тәрбиеші: Біз тыныш отырамыз, алдымен қағаздан жасалған орамалды аламыз, оны мыжып бастаймыз. Сіз не естисіз?<br>Балалар: Сыбырлайды, сөйлейді.<br><br>Тәрбиеші: Дұрыс, сыбдырлайды. Енді матадан жасалған орамалды алыңыз, біз оны мыжып бастаймыз. Тыңдаңыз, мата сөйлей ме? Сіз бірдеңе естисіз бе?<br>Балалар: Ештеңе!<br>Тәрбиеші: Дұрыс, матадан жасалған орамал сөйлемейді, дыбыс шығармайды, бірақ қағаз орамал сыбырлайды. Қағазды сыбырлататын | Шарты: балаларды қағаз бен матаның қасиеттерімен және оларды салыстыруға үйрету, балаларға белгілі бір заттардың, әрекеттердің және жағдайлардың әсерінен олардың күйінің өзгеруін көруге көмектесу.<br>**№ 1 Тәжірибе.**<br>Қағазға және жарықта матаға мұқият қарасаңыз, матаның жіптерден тұратынын көруге болады, ал қағаздан көре алмаймыз.<br>Қағаз басқа материалдан (үгінділер) жасалған.<br><br>**№2 Тәжірибе.**<br>Қағаз мен матаны қайшымен кесуге болады. Қағаз матаға қарағанда оңай және жылдам кесіледі.<br><br>**№ 3 Тәжірибе**<br>Қағаз оңай жыртылады, мата жыртылмайды, өйткені мата қағаздан күшті, берік.<br><br>**№4. Тәжірибе.**<br>Қағаз мен мата судан ылғалданады. Ылғал қағаз оңай жыртылады, жабысқақ болады. дымқыл шүберек жыртылуы ауыр болады .<br>Балалар өз бетінше қорытынды жасайды - киімдерді қағаздан тігуге болмайды, өйткені ол нәзік болады, оны киюге | отырған қуыршақтарға аударады.<br>Біздің қуыршақтарға не болып жатыр?<br>Балалар: Олар бір-біріне ренжіген.<br>Оларды қалай татуластыруға болады?<br>Құшақтасу,қол алысу, кешірім сұрау, бір-біріне күлу арқылы татуласады.<br>Басқа қалай татуласуға болады?<br>-Бірге ойнауға.<br>**Қуыршақтарға «Киімді шкафқа сал» ойынын ойнауға үйретеміз бе?**<br>Қане біз жұптасып ойнаймыз.<br>ойынға жұп таңдау.<br>Шарты: Шкафтағы сөрелер әртүрлі түстерде екенін есте сақтаңдар және біз сөремен бірдей түсті киімдерді таңдаймыз. Көйлектің аты қандай, түсі қандай?<br>**1-ші бала:** Бұл қызғылт сары түсті көйлек.<br>**2-ші бала:** Бұл жасыл шорт және т.б.<br>Соңында балалар тапсырманың дұрыстығын бір-бірін тексереді.<br>**1, 2, 3 - ойынды бастау. (Музыкамен)**<br>Қызықты ойын үшін қуыршақтар балаларға | баулары, тілі, өкшесі, табаны бар. Етік. күзде,қысқыда,көктемде киіледі.<br>(қалпақ, көйлек сөйлем құрау.<br>**2-ші хат: Дид ойын: «Түрлі –түсті қалпақ»**<br>Білмесбекке достары көптеген түрлі-түсті қалпақ сыйлады.<br>Оның достары қандай қалпақ сыйлады?<br>Балалар Білмесбекке кім қандай қалпақ бергені туралы мнемоникалық жолдар бойынша сөйлемдер құрайды:<br>Білмесбекке көк қалпақ сыйлады, т.б.<br>Осылайша Білмесбек тек көк қалпақ киіп жүрді, ал қалғандары жай ғана бөлмеде шашылып жатты. Бір күні ол барлық қалпақтарды жинауға бел буды, бірақ ол жинай алмады. Қане көмектесеміз бе?.<br>**Дид ойын: «Қалпақтарды жинаймыз»**<br>Суретке қарап, бөлмедегі барлық қалпақтарды тауып, сөйлемдер құрау.<br>«Қызыл қалпақ үстелдің астында. Ол үстелдің астынан қызыл қалпақ алды»<br>Жасыл қалпақ жоғарыда әлулә тұр.<br>Сары қалпақ шкафтың оңжағында тұр.......<br>**3-ші хатты ашу.**<br>**Дид ойын: «Тігінші кірпінің хаты»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оның үшеуімен киім тігуге болады, ал біреуімен киім тігуге болмайды. Киім тігуге жарамсыз затты анықтау керек.<br>қайшы, жіп, балға, түйме.<br>ине, қайшы, орындық, жіп.<br>түйме, жіп, үстел, ине.<br>жіп, ине, шкаф, қайшы.<br>Жарайсыңдар!<br>Қой жүнінен жүн маталар тоқылған.<br>- Бір кездері көйлектер ойлап табылып, оларға қымбат маталарды көп жұмсай моншақ, жылтырақтармен безендірілген.<br>- Қалай ойлайсыз, мұндай киіммен жүру ыңғайлы ма?<br>(Жоқ, өйткені адамдар тез жүре алмайды, жүгіре алмайды, баспалдақпен көтеріле алмайды, спортпен айналыса алмайды. Ауыр болды, көп мата мен әшекейлер қажет болды).<br>- Бірте-бірте біз адамдар ыңғайлы киетін киімдерді ойлап тапты.<br>Дид ойын: «Ұнайды, ұнамайды»<br>- Саған киімдерің ұнай ма? (Иә).<br>- Ол қандай? (Киіміміз ыңғайлы, әдемі, ұқыпты).<br>- Қандай киім түрлерін білесіңдер? (Юбкалар, шалбарлар, көйлектер, пальтолар...).<br>**Дид ойын: «Әрекетті атаңыз»**<br>- Киіміміз ұқыпты, әдемі болуы үшін не істеу керек? (Оған қамқорлық жасау керек)<br>- Киімге күтім жасауды білесің бе? (Иә).<br>Егер киім лас болса? (киім жуылады).<br>Егер ол мыжылған болса? (киім үтіктеледі).<br>Егер жыртылған болса? (киім тігіледі).<br>Киімімізді шешіп алсақ, не істейміз? (Ақырын іліп қоямыз немесе бүктейміз)<br>Дұрыс. Жарайсыңдар<br>Киім ұқыпты және жаңа болуы керек.<br>Тазалаймыз,үтіктейміз, жуамыз және құрғатамыз<br>Білмесбек Алақай енді мен біздің киімдеріміздің тарихын білемін, мен достарыма бәрін айтып беремін. Мен сіздерге сыйлық ретінде конверт | киімді ме немесе матадан үнсіз тұрған киім кигенді ұнатамыз ба? Қайсы киім жақсы?<br>Белгілеңіз ұнамайтынға – ұнайтынға +қоямыз.<br>**Тәжірибе№3.**<br>**Қағаз мен матаны тегістеу.**<br>Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, орамалымыз умаж болып кеткен, енді оларды түзеп көрейік. Алдымен қағаз орамалды қолыңызбен тегістеңіз. Сіз оны тегістей алдыңыз ба?<br>Тәрбиеші: Иә, дұрыс айтасың! Қағаз орамалдың мыжылғаны онша, түзелмейді. Қолымызбен матадан жасалған орамалды тегістеп көрейік. Не болды?<br>Балалар: Бұл тегістеледі!<br>Тәрбиеші: Дұрыс, матадан жасалған орамал тегістелгенде түзеледі. белгілеңіз - +<br>**№ 4 Тәжірибе.**<br>**Қалың, жұқа.**<br>**Дид ойын: «Кім жасырды?»**<br>Бізде көп ойыншықтар бар, біз оларды көреміз. Ойыншықтарды ешкім көрмес үшін қағазды қалай пайдалануға болады? (Қағазға орау, қағаздың астына тығу). Үстелде қандай ойыншықтар бар екенін есте сақтаңдар. Бір бала маған ойыншықты жасыруға көмектеседі, ал қалған балдар көздерін жұму керек. Қарамаймыз. Қане көзімізді ашамыз<br>– Қандай ойыншық «жасырынды»?<br>(Матамен де солай істейміз.<br>-Ойыншықтарды неге көрмедік? (Қағаз мен мата мөлдір емес). Дұрыс.<br>Белгілеу екеуіне де + +<br>**Балалар, сәл демалайық:**<br>**Дене шынықтыру:**<br>Мен орамалымды жуамын<br>Мен оны ысқылаймын,<br>Оны қатты сығамын. Орамалымды сілкемін.<br>Мен оны жіпке ілемін.<br>Басқа үстелге барайық<br>**№ 5 тәжірибе.**<br>**Қағаз бен матаның беріктігін тексереміз**<br>Ал енді бізді тағы бір эксперимент күтіп тұр.Енді біз орамалымызды кір деп есептейміз | болмайды. Киімді тек матадан тігуге болады.<br>**Дид ойын: «Қарсы сөзді айт»**<br>Педагог сөздерді атайды, ал балалар керісінше айту керек.<br>Таза - ... (лас)<br>Умаж - ... (үтіктеу)<br>Жаңа - ... (ескі)<br>Кию - ... (шешу)<br>Ақ-…(қара)<br>**Физикалық даму**<br>**- «Қуыршақты серуендеуге киіндір» эстафетасы:**<br>Ойын бұрышында екі түрлі қуыршақтың киімдері әртүрлі ретпен, әр қуыршақтан бірдей заттардың саны бар. Үстелде шешінбеген екі қуыршақ отыр, серуендеуге киінуді күтіп отыр.<br>Бір қуыршақ қысқы ауа райына жылы киім кию керек, ал екіншісі жазғы серуенге жиналуы керек.<br>**Балаларды 2 командаға бөлу.**<br>Педагогтың бұйрығымен балалар бір-бірден үстелге жақындап, қуыршақтарына бір киім (дұрыс ретпен) таңдап кигізеді, оны дұрыс атайды, содан кейін келесі бала шығып, таңдап киеді, қуыршақ толық киінгенше бір баладан келіп киіндіреді. Қай топ тапсырманы тез және дұрыс орындаса, сол | алғыс білдіреді.<br>Жарайсыңдар балалар, керемет жұмыс жасап, шкафтағы заттарды ретке келтірді.<br>**Дид ойын: «Көңілді сыйлық»**<br>**Сұрақ –жауап.**<br>Үстелдің үстінде не жатыр? майлықтар, желім, картоннан кесілген 2 көйлек силуэттері бар.<br>Қане қуыршақтарға өз қолымызбен сыйлық жасаймыз.<br>Көйлектерді түрлі түсті гүлдермен безендіріңіз.<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ:** Көйлекке гүлдерді жапсыру.<br>**2-топ:** Көйлекке гүл салу, бояу.<br>**3-топ**: Майлық үстіне қуыршаққа ермексаздан кофет жасау.<br>**4-топ:** Қуыршақтарға сыйлыққа гүл құрастыру.<br>Дид ойын: «Музыкалық қалпақ»<br>Шарты: музыка ойнай бастайды, ол ойнап жатқанда, сіз қалпақты айналдырасыз. Музыка тоқтаған бойда қолында қалпағы бар адам оны басқа баланың басына кигізеді. | **-Келесі хат бізге тігінші кірпіден келді.** Ол орман адамдарына киім тігуге шешім қабылдады. Кірпінің кімге қандай киім тіккенін білгілерің келе ме?<br>Кірпі тиінге жейде юбка тігіп берді. Кірпі тиінге қандай юбка тіккен?<br>Киімдерді сипаттау, әңгіме құрастыру<br>**4-ші хат Машадан келген.**<br>Шарты: Жағдаяттар бойынша ойлану..<br>• Жазда түкті қалпақ кисеңіз не болады?<br>• Қыста шорт пен футболка киіп жүрсеңіз не болады?<br>• Жаңбырда тәпішке киіп алсаңыз не болады?<br>• Ыстықта панаманы кимесеңіз не болады?<br>• Желді ауа райында бас киімсіз жүрсеңіз не болады?<br>• Егер сіз суықта қолғапсыз жүрсеңіз не болады?<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>Таңертең ерте тұрамын,<br>Беті қолды жуамын.<br>Апам берген киімді,<br>Өзім киіп аламын.<br>Кешке үйге келгенде,<br>Бәрін жинап қоямын.<br>**Пакеттен шыққан тапсырма.**<br>Аюдың кофтасын боя<br>Тиіннің юбкасын жапсыру<br>Білмесбектің қалпағын мүсіндеу<br>Машаға тігін машинасын құрастыр.<br>**Балалардың жұмысын көрмеге апару, суретке** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
